**«ЮНИКРЕДО» Микроқаржы ұйымы»**
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Құрылтайшылары жиналысының**
**хаттамасымен**
**«БЕКІТІЛГЕН»**

**Хаттама н/ж**
**"08" қараша 2019 ж.**

**«ЮНИКРЕДО»**
**Микроқаржы ұйымы»**
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің**
**жарғысы**

**Алматы қаласы**

---

**«УТВЕРЖДЕН**
**Протоколом Собрания Учредителей Товарищества с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «ЮНИКРЕДО»**
**Протокол б/н от «08» ноября 2019 г.**

# Устав

# Товарищества с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «ЮНИКРЕДО»

**город Алматы**

| | |
|---|---|
| **1. Жалпы ережелер** | **1. Общие положения** |
| 1.1. Бұдан әрі «Серіктестік» деп аталатын **«ЮНИКРЕДО» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржылық қызмет туралы» заңына (бұдан әрі – МҚҰ туралы Зан) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес құрылған.<br>1.2. Серіктестіктің атауы:<br>мемлекеттік тілде – «ЮНИКРЕДО» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,<br>қысқаша – «ЮНИКРЕДО» МҚҰ» ЖШС;<br>орыс тілінде – Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «ЮНИКРЕДО», қысқаша – ТОО «МФО «ЮНИКРЕДО».<br>1.3. Серіктестіктің орналасқан жері: 050010, ҚР, Бостандық ауданы, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 2-ғимарат, 218-кеңсе.<br>1.4. Қызмет ету мерзімі - шектелмеген.<br>1.5. Меншік нысаны: жеке.<br>1.6. Серіктестік орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады. | 1.1. **Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «ЮНИКРЕДО»,** именуемое в дальнейшем «Товарищество», создано в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года, Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» от 26 ноября 2012 года (далее – Закон о МФО) и другими нормативно-правовыми актами Республики Казахстан.<br>1.2. Наименование товарищества:<br>на государственном языке – «ЮНИКРЕДО» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,<br>сокращенно – «ЮНИКРЕДО» МҚҰ» ЖШС;<br>на русском языке – Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «ЮНИКРЕДО», сокращенно – ТОО «МФО «ЮНИКРЕДО».<br>1.3. Место нахождения Товарищества: 050010, РК, Бостандыкский район, г. Алматы, ул.Жандосова, здание 2, офис 218.<br>1.4. Срок деятельности – неограниченный.<br>1.5. Форма собственности: частная.<br>1.6. Товарищество является субъектом среднего предпринимательства. |
| **2. Құрылтайшылар құрамы.** | **2. Состав учредителей** |
| 2.1. Серіктестіктің құрылтайшысы (бұдан әрі – Қатысушысы):<br>1) Юрий Витальевич Кан, ЖСН [redacted], тұрғылықты мекен-жайы: Алматы қаласы, [redacted], ҚР ІІМ [redacted] жылы берген жеке куәлік № [redacted] – Серіктестігі жарғылық капиталында 10 пайыздық үлесі бар;<br>2) Шара Булатовна Абдрасулова, ЖСН [redacted], тұрғылыкты мекен-жайы: Алматы қаласы, [redacted] үй, ҚР ІІМ [redacted] жылы берген жеке куәлік № [redacted] - Серіктестігі жарғылық капиталында 90 пайыздық үлесі бар. | 2.1. Учредителем (далее – Участником) Товарищества являются:<br>1) Кан Юрий Витальевич, ИИН [redacted], проживающий по адресу: г.Алматы, [redacted], удостоверение личности № [redacted] от [redacted] года, выдан МВД РК - 10-процентная доля в уставном капитале Товарищества;<br>2) Абдрасулова Шара Булатовна, ИИН [redacted], проживающая по адресу: г. Алматы, [redacted], удостоверение личности № [redacted] от [redacted] года, выдан МВД РК - 90-процентная доля в уставном капитале Товарищества. |
| **3. Серіктестіктің заңды мәртебесі** | **3. Юридический статус Товарищества** |
| 3.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқығына ие болады.<br>3.2. Серіктестіктің өз мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары, өзінің мемлекеттік тілдегі | 3.1. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.<br>3.2. Товарищество имеет печать, самостоятельный баланс, счета в банках, бланки со своим наименованием на государственном и |

| | |
|---|---|
| және орыс тіліндегі атауы көрсетілген бланкілері бар. | русском языках. |
| 3.3. Серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер арқалауға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. | 3.3. Товарищество для достижения цели своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде. |
| 3.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдары мен өкілдіктерін құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы. | 3.4. Товарищество вправе создавать на территории Республики Казахстан и за рубежом филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником иных юридических лиц. |
| 3.5. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жауап береді. | 3.5. Товарищество отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. |
| 3.6. Серіктестікке қатысушысы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және жарғы капиталына салған салымының құны шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығын тәуекелін көтереді. | 3.6. Участник Товарищества не отвечает по обязательствам Товарищества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Товарищества, в пределах стоимости внесенных им вкладов в уставный капитал. |
| 3.7. Серіктестік микрокредит беру құпиясына кепілдік береді. Қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, микрокредит беру туралы шарттың қарыз алушыға қатысты басқа да талаптары туралы, Серіктестіктің жүргізетін операциялары туралы ақпарат үшінші тұлғаларға қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен ұсынылуы мүмкін. | 3.7. Товарищество гарантирует тайну предоставления микрокредита. Информация о заемщиках, о размерах микрокредитов, об иных условиях договора о предоставлении микрокредита, относящихся к заемщику, об операциях, проводимых Товариществом, может быть предоставлена третьим лицам в порядке, предусмотренном действующим законодательством. |
| **4. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаттары мен мәні:** | **4. Основные цели и предмет деятельности Товарищества** |
| 4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда алу болып табылады.<br>4.2. Серіктестік көрсетілген мақсатқа жету үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:<br><br>1) микроқаржы ұйымдарының жеке және (немесе) заңды тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз етілетін не қамтамасыз етілмейтін микрокредиттер беру жөніндегі қызметі;<br><br>2) Қазақстан Республикасының резиденттерінен және бейрезиденттерінен қарыз тарту (кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан қарыз түрінде ақша тартуды қоспағанда);<br>3) өз активтерін бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына инвестициялау;<br>4) микрокредит беру жөніндегі қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;<br>5) өз мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру; | 4.1. Основной целью деятельности Товарищества является получение прибыли.<br>4.2. Для достижения указанной цели Товарищество осуществляет следующие виды деятельности:<br>1) деятельность микрофинансовых организаций по предоставлению микрокредитов физическим и (или) юридическим лицам с обеспечением либо без обеспечения в размере, не превышающем двадцатитысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.<br>2) привлечение займов (за исключением привлечения денег в виде займа от граждан в качестве предпринимательской деятельности) от резидентов и нерезидентов Республики Казахстан;<br>3) инвестирование собственных активов в ценные бумаги и иные финансовые инструменты;<br>4) оказание консультационных услуг по вопросам, связанным с деятельностью по предоставлению микрокредитов;<br>5) сдачу в имущественный наем (аренду) |

| | |
|---|---|
| | собственного имущества; |
| 6) меншікті мүлкін өткізу; | 6) реализация собственного имущества; |
| 7) лизингтік қызметті жүзеге асыру; | 7) осуществление лизинговой деятельности; |
| 8) ақпарат тасымалдаушылардың кез келген түрінде микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша арнайы әдебиетті өткізу; | 8) реализацию специальной литературы по вопросам деятельности микрофинансовых организаций на любых видах носителей информации; |
| 9) төлем агентінің және қосалқы төлем агентінің функцияларын жүзеге асыру; | 9) осуществление функций платежного агента и платежного субагента; |
| 10) Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасу; | 10) заключение договоров страхования от имени и по поручению страховых организаций - резидентов Республики Казахстан в качестве страхового агента; |
| 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақша жүйесі агентінің функцияларын жүзеге асыру; | 11) осуществление функций агента системы электронных денег в соответствии с законодательством Республики Казахстан; |
| 12) факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқықтарын сатып алу; | 12) факторинговые операции: приобретение прав требования платежа с покупателя товаров (работ, услуг) с принятием риска неплатежа; |
| 13) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу; | 13) форфейтинговые операции (форфетирование): оплата долгового обязательства покупателя товаров (работ, услуг) путем покупки векселя без оборота на продавца; |
| 14) кепілдіктерді, кепілдемелерді және ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді беру. | 14) выдачу гарантий, поручительств и иных обязательств, предусматривающих исполнение в денежной форме. |
| 15) Жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған жылжымалы мүлкінің кепіліне жеке тұлғаларға микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кезде Серіктестік қосымша құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды жүзеге асыруға құқылы. | 15) Товарищество при осуществлении деятельности по предоставлению микрокредитов физическим лицам под залог движимого имущества, предназначенного для личного пользования, вправе дополнительно осуществлять учет, хранение и продажу ювелирных изделий, содержащих драгоценные металлы и драгоценные камни. |
| 4.2. Облигацияларды Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы сауда-саттыққа жіберу мақсатында шығаруды есепке алмағанда, микроқаржы ұйымына облигациялар шығаруға тыйым салынады. | 4.2. Микрофинансовой организации запрещается выпускать облигации, за исключением выпуска облигаций для целей их размещения на организованном рынке ценных бумаг Республики Казахстан и (или) допуска к торгам на фондовой бирже, функционирующей на территории Международного финансового центра «Астана». |
| 4.3. Серіктестіктің МҚҰ туралы Заңда көзделмеген өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. | 4.3. Товарищество не вправе осуществлять иную не предусмотренную Законом о МФО предпринимательскую деятельность. |
| **5. Серіктестікке қатысушының құқықтары мен міндеттері** | **5. Права и обязанности участника Товарищества** |
| 5.1. Серіктестікке қатысушының құқығы: | 5.1. Участник Товарищества вправе: |
| 1) қолданыстағы заңнамада және Серіктестіктің осы жарғысында көзделген тәртіппен Серіктестік істерін басқаруға қатысуға | 1) участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном действующим законодательством и настоящим |

| | |
|---|---|
| және Серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен оның бухгалтерлік және өзге құжаттарымен танысуға;<br>2) қолданыстағы заңнамаға, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдері сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алуға;<br>3) Серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүлік бөлігін заттай түрде алуға;<br>4) қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;<br>5) серіктестік органдары қабылдаған серіктестікке қатысушының қолданыстағы заңнамада көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерді сот тәртібімен даулау.<br>5.2. Серіктестікке қатысушының қолданыстағы заңнама мен Серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.<br>5.3. Серіктестікке қатысушылар:<br>1) құрылтай шартының талаптарын орындауға;<br>2) құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салуға;<br>3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жарияламауға;<br>4) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының (бұдан әрі – Серіктестер туралы заңы) 17-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы Серіктестіктің атқарушы органына, сондай-ақ Серіктестікке қатысушылардың тізілімі жүргізілген жағдайда орталық депозитарийге жазбаша хабарлауға міндетті.<br>5.4. Серіктестікке қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзара жасалған кез келген келісімде көзделген басқа да міндеттерді арқалауы мүмкін. | уставом Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией в порядке, предусмотренном уставом Товарищества;<br>2) получать доход от деятельности Товарищества в соответствии с действующим законодательством, учредительными документами Товарищества и решениями Общего собрания участников Товарищества;<br>3) получить в случае ликвидации Товарищества стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или часть этого имущества в натуре;<br>4) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли в порядке, предусмотренном действующим законодательством;<br>5) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие их права, предусмотренные действующим законодательством.<br>5.2. Участники Товарищества могут иметь и другие права, предусмотренные действующим законодательством и учредительными документами Товарищества.<br>5.3. Участники Товарищества обязаны:<br>1) соблюдать требования учредительного договора;<br>2) вносить вклады в уставный капитал Товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные учредительными документами;<br>3) не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной;<br>4) письменно извещать исполнительный орган Товарищества, а также центральный депозитарий в случае ведения реестра участников Товарищества об изменении сведений, предусмотренных подпунктом 2) пункта 2 статьи 17 Закона РК «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон о товариществах).<br>5.4. Участники Товарищества могут нести и другие обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и любыми соглашениями, заключенными между ними. |
| **6. Серіктестіктің мүлкі**<br>6.1. Серіктестіктің жарғылық капиталын 50 000 000 (елу миллион) теңге құрайды.<br>6.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана құралады.<br>6.3. Серіктестікті тіркеу сәтінде оның жарғылық капиталы толығымен құралған.<br>6.4. Серіктестіктің мүлкі Қатысушылардың жарғылық капиталға салған алғашқы | **6. Имущество Товарищества**<br>6.1. Уставный капитал Товарищества составляет 50 000 000 (пятьдесят миллионов) тенге.<br>6.2. Уставный капитал Товарищества формируется исключительно деньгами в национальной валюте Республики Казахстан.<br>6.3. К моменту регистрации Товарищества уставный капитал сформирован полностью.<br>6.4. Имущество Товарищества образуется за счет первоначального взноса Участников в уставный |

| | |
|---|---|
| жарналарынан, қосымша салымдардан, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтерден түсетін табыстардан, сондай-ақ қарызға алған қаражаттан және Серіктестіктің белгіленген тәртіп бойынша иеленген немесе алған басқа да мүлкінен құралады. | капитал, дополнительных взносов, доходов от хозяйственной и предпринимательской деятельности, а также за счет заемных средств и другого имущества, приобретенного или полученного Товариществом в установленном порядке. |
| 6.5. Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін. Серіктестіктің жарғылық капиталын арттыру қатысушылардың қосымша салым салуы арқылы, Серіктестіктің меншік капиталы есебінен жүзеге асырылады. Серіктестіктің жарғылық капиталын мемлекеттік тіркеу сәтінде заңнамада белгіленген минималды мөлшерден төмен болатындай етіп азайтуға жол берілмейді. | 6.5. По решению Общего собрания участников Товарищества может быть изменен размер уставного капитала Товарищества. Увеличение уставного капитала Товарищества может осуществляться путем дополнительных вкладов, производимых Участниками, за счет собственного капитала Товарищества. Уменьшение уставного капитала Товарищества ниже минимального размера, установленного законодательством на момент его государственной регистрации, не допускается. |
| 6.6. Серіктестікке жаңа қатысушыларды қабылдаумен байланысты жарғылық капиталдың мөлшерін кез келген түрде өзгерту оларды серіктестікке қабылдайтын, не одан шығаратын сәтте қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерін тиісінше қайта есептеуге әкеп соғады. | 6.6. Любое изменение размера уставного капитала, связанное с принятием в Товарищество новых участников, влечет соответствующий перерасчет долей участников в уставном капитале на момент принятия или выбытия. |
| 6.7. Қатысушының Серіктестік мүлкіндегі үлесі салым толық төленгенше оның төленген бөлігінде ғана иеліктен шығарылуы немесе кепілге салынуы мүмкін. Серіктестікке Қатысушы Серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесін Серіктестіктің басқа Қатысушысына сатуға құқылы немесе басқа да жолмен иеліктен шығаруға құқылы. Серіктестікке Қатысушы үшінші тұлғалардың алдында Қатысушының үлесін не оның бір бөлігін артықшылықпен сатып алу құқығын пайдаланады. Қатысушының үлесін сатып алуға қатысты өзге сұрақтар қолданыстағы заңнамамен реттеледі. | 6.7. Доля Участника в имуществе Товарищества может быть отчуждена или заложена до полной оплаты вклада лишь в той части, в которой вклад уже оплачен. Участник Товарищества вправе продать или иным способом уступить свою долю в имуществе Товарищества другому Участнику Товарищества. Участник Товарищества пользуется перед третьими лицами преимущественным правом покупки доли Участника или ее части. Иные вопросы выкупа доли Участника регулируются действующим законодательством. |
| **7. Серіктестіктің органдары** | **7. Органы Товарищества** |
| 7.1. Серіктестіктің жоғарғы органы болып Қатысушылардың жалпы жиналысы табылады.<br>Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады: | 7.1. Высшим органом Товарищества является Общее собрание участников.<br>К исключительной компетенции Общего собрания участников Товарищества относятся: |
| 1) Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Серіктестіктің жарғысын өзгерту немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту; | 1) изменение устава Товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение устава Товарищества в новой редакции; |
| 2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін және атқарушы органның жеке мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға табыстау туралы шешім қабылдау және осындай табыстаудың талаптарын белгілеу; | 2) образование исполнительного органа Товарищества и досрочное прекращение его полномочий или полномочий отдельного члена исполнительного органа, а также принятие решения о передаче Товарищества или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи; |
| 3) Серіктестіктің бақылау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) | 3) избрание и досрочное прекращение полномочий наблюдательного совета и (или) ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества, а |

| | |
|---|---|
| сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту; | также утверждение отчетов и заключений ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества; |
| 4) Серіктестіктің қаржы есептілігін бекіту және оның таза табысын бөлу; | 4) утверждение финансовой отчетности и распределение чистого дохода Товарищества; |
| 4-1) Серіктестер туралы заңның 59-бабына сәйкес аудит өткізу міндеттелген серіктестіктің жылдық қаржы есептілігінің аудитін өткізу үшін аудиторлық ұйымды белгілеу; | 4-1) определение аудиторской организации для проведения аудита годовой финансовой отчетности Товарищества, для которого проведение аудита в соответствии со статьей 59 Закона о товариществах является обязательным; |
| 5) Серіктестіктің жарғысымен бекітілуі Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту; | 5) утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества, кроме документов, утверждение которых уставом Товарищества отнесено к компетенции иных органов Товарищества; |
| 6) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім; | 6) решение об участии Товарищества в иных хозяйственных товариществах, а также в некоммерческих организациях; |
| 7) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім; | 7) решение о реорганизации или ликвидации Товарищества; |
| 8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту; | 8) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов; |
| 9) Серіктестер туралы заңның 34-бабына сәйкес Серіктестікке қатысушыдан оның үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім; | 9) решение о принудительном выкупе доли у Участника Товарищества в соответствии со статьей 34 Закона о товариществах; |
| 10) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім; | 10) решение о залоге всего имущества Товарищества; |
| 11) Серіктестер туралы заңның 39-бабына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім; | 11) решение о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества в соответствии со статьей 39 Закона о товариществах; |
| 12) Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту. | 12) утверждение порядка и сроков предоставления участникам Товарищества и приобретателям долей информации о деятельности Товарищества; |
| 13) Серіктестіктің нәтижесінде Серіктестік активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаруына (шығарылу мүмкіндігіне) әкелетін мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім. | 13) решение об одобрении заключения Товариществом сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Товариществом отчуждается (может быть отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят один и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Товарищества. |
| 7.2. Серіктестікке Қатысушы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені өз қарауына алуға құқылы. | 7.2. Участник Товарищества вправе принять к рассмотрению любой вопрос, связанный с деятельностью Товарищества. |
| 7.3. Бас директор Серіктестіктің атқарушы органы болып табылады, ол Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының алдында есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Қатысушы Бас директорды тағайындайтын кезде еңбек қарым-қатынасы еңбек заңнамасына сай реттеледі. | 7.3. Исполнительным органом Товарищества является Генеральный директор, который подотчетен Общему собранию участников Товарищества и организует выполнение его решений. При назначении Генерального директора участником трудовые отношения регулируются в соответствии с трудовым законодательством. |
| Серіктестік Бас директорының өкілеттіктері: | Полномочия Генерального директора Товарищества: |
| 1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет | 1) без доверенности действует от имени |

| | |
|---|---|
| етеді;<br>2) Серіктестіктің өкілі болу құқығына, оның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығы бар сенімхаттар береді;<br>3) Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлемінің жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселесін шешеді, көтермелеу және тәртіптік жазаға тарту шараларын қолданады;<br>4) Қатысушылардың жалпы жиналысының немесе тексерушінің құзіретіне жатпайтын өзге өкілеттіктерді, сонымен қатар Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы табыстаған өкілеттіктерді жүзеге асырады.<br>7.4. Серіктестік өз қызметінің нәтижелерін бухгалтерлік есепке алуды, статистикалық және қаржылық есептілігін Қазақстан Республикасында қолданылатын ережелеріне сай жүргізеді. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізудің шынайылығы мен тәртібінің сақталуына заңнамаға сәйкес жауап береді.<br>7.5. Тексеру өткізу үшін сыртқы аудитор шақырылуы мүмкін. | Товарищества;<br>2) выдает доверенности на право представлять Товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия;<br>3) в отношении работников Товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания;<br>4) осуществляет иные полномочия, не отнесенные к компетенции Общего собрания участников или ревизора, а также полномочия, переданные ему Общим собранием участников Товарищества.<br>7.4. Товарищество осуществляет бухгалтерский учет результатов своей деятельности, ведет статистическую и финансовую отчетность в соответствии с действующими в Республике Казахстан правилами. Товарищество несет ответственность в соответствии с законодательством за несоблюдение достоверности и порядка ведения учета и отчетности.<br>7.5. Для проведения ревизий может быть привлечен внешний аудитор. |
| **8. Серіктестіктің таза табысын бөлу**<br>8.1. Серіктестіктің бір жылдық қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес бөлінеді.<br>8.2. Серіктестікте сақтық қоры құрылған жағдайда Серіктестіктің болжамды шығындары сол қордың есебінен өтеледі. Сақтық қорының қаражаты жетпеген жағдайда немесе сақтық қоры құрылмаған жағдайда шығындарды өтеу көздері туралы шешімді Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдайды. | **8. Распределение чистого дохода Товарищества**<br>8.1. Чистый доход, полученный Товариществом по результатам его деятельности за год, распределяется в соответствии с решением Общего собрания участников Товарищества.<br>8.2. Возможные убытки Товарищества покрываются за счет резервного фонда в случае его создания в Товариществе. При недостатке средств резервного фонда или в случае отсутствия резервного фонда решение об источниках покрытия убытков принимается Общим собранием участников. |
| **9. Серіктестіктің еңбек ұжымы**<br>9.1. Бас директор қызметкерлерді жеке еңбек шарттары негізінде жалдауға құқылы.<br>9.2. Серіктестік өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды ұсынуға кепілдік береді.<br>9.3. Әрбір қызметкердің еңбек табысы максималды мөлшерлермен шектелмейді және бекітілген ережелерге сәйкес оған салық салынады.<br>9.4. Серіктестік еңбекақы төлемінің нысаны мен жүйесін дербес белгілеп, еңбек шарттарында тарифтік мөлшерлемелер мен жалақылардың мөлшерлерін қарастырады, бұл ретте мемлекеттік | **9. Трудовой коллектив Товарищества**<br>9.1. Генеральный директор вправе осуществлять наем работников на основе трудовых договоров.<br>9.2. Товарищество гарантирует предоставление работникам всех социально–экономических прав, определяемых законодательством Республики Казахстан.<br>9.3. Трудовые доходы каждого работника не ограничиваются максимальными размерами и облагаются налогами в соответствии с установленными правилами.<br>9.4. Товарищество самостоятельно определяет формы и систему оплаты труда, предусматривает в трудовых договорах размеры тарифных ставок и окладов, рассматривая при этом государственные |

| | |
|---|---|
| тарифтерді сәйкес біліктілігі бар мамандар мен қызметкерлердің еңбекақы төлемінің минималды кепілдігі ретінде қарастырады.<br>9.5. Серіктестік өзінің барлық қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндетті және денсаулықтары мен жұмыс қабілетіне келтірген залал үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді. | тарифы как минимальную гарантию оплаты труда работников и специалистов соответствующей квалификации.<br>9.5. Товарищество обязано обеспечить для всех работающих безопасные условия труда и несет ответственность в установленном законодательством порядке за ущерб, причиненный их здоровью и трудоспособности. |
| **10. Серіктестік қатысушыларына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері**<br><br>10.1. Серіктестікке қатысушылардың үлестерін сатып алу мақсатында Серіктестікке қатысушылардың, жеке немесе заңды тұлғалардың Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу жөніндегі өтініші жазбаша түрде ұсынылады.<br>10.2. Серіктестікке қатысушылардың, жеке немесе заңды тұлғалардың Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу туралы өтініші он күнтізбелік күн ішінде қарастырылады.<br>10.3. Серіктестік қызметі туралы ақпарат ұсынылған тұлғалар бұл ақпаратты тиісті сұратылған мақсатына сай ғана пайдалануға міндетті және оны үшінші тұлғаларға табыстауға құқығы жоқ. | **10. Порядок и сроки предоставления участникам Товарищества и приобретателям долей информации о деятельности Товарищества.**<br><br>10.1. Обращение участников Товарищества, физических и юридических лиц о получении информации о деятельности Товарищества с целью приобретения долей участников Товарищества подаются в письменной форме.<br>10.2. Обращение участников Товарищества, физических и юридических лиц о получении информации о деятельности Товарищества рассматриваются в течении десяти календарных дней.<br>10.3. Лица, которым переданы информации о деятельности Товарищества, обязаны использовать их исключительно в целях, для которого они сообщены и не вправе передавать их третьим лицам. |
| **11. Серіктестіктің қызметін тоқтату**<br><br>11.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату Серіктестікке қатысушылардың немесе соттың шешімі бойынша оны тарату немесе қайта ұйымдастыру арқылы жүргізіледі.<br>11.2. Серіктестік өз қызметін келесі негіздемелер бойынша тоқтатады:<br>- егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген минималды мөлшерден аз болып қалса;<br>- егер Қатысушылар Серіктестіктің Жарғылық капиталын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде құрмайтын болса;<br>- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот болып қалса;<br>- Серіктестікті құру кезінде кеткен және жоюға келмейтін заң бұзушылықтарына байланысты оның тіркеуі жарамсыз деп танылатын болса;<br>- тиісті рұқсаты (лицензиясы) жоқ қызметті немесе заңнамалық актілермен тыйым салынған қызметті жүзеге асырған жағдайда немесе сол | **11. Прекращение деятельности Товарищества**<br>11.1. Прекращение деятельности Товарищества производится путем реорганизации или ликвидации по решению участников Товарищества или суда.<br>11.2 Товарищество прекращает свою деятельность по следующим основаниям:<br>- если в результате уменьшения уставного капитала его размер станет меньше минимального размера, установленного законодательством Республики Казахстан;<br>- если Участники не образуют Уставный капитал Товарищества в сроки, установленные законодательством Республики Казахстан;<br>- при банкротстве в соответствии с законодательством Республики Казахстан;<br>- при признании недействительной регистрации Товарищества в связи с допущенными при его создании нарушениями законодательства, которые носят неустранимый характер;<br>- при осуществлении деятельности без надлежащего разрешения (лицензии) либо деятельности, запрещенной законодательными актами, либо с неоднократным или грубым нарушением законодательства; |

| | |
|---|---|
| қызметті заңнаманы бірнеше рет немесе өрескел түрде бұза отырып жүзеге асырған жағдайда;<br>- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастырған жағдайда;<br>- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген басқа да негіздемелер бойынша.<br>11.3. Серіктестікті қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.<br>11.4. Серіктестікті таратуды Серіктестікке қатысушылар немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Серіктестіктің істерін басқару өкілеттігі көшеді.<br>11.5. Тарату қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.<br>11.6. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізілген сәттен бастап тарату аяқталған, ал Серіктестік өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі. | - при реорганизации в соответствии с законодательством Республики Казахстан;<br>- по иным основаниям, предусмотренным законодательными актами.<br>11.3. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) производится в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан;<br>11.4. Ликвидация Товарищества производится ликвидационной комиссией, назначаемой участниками Товарищества или судом. С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению делами Товарищества.<br>11.5. Ликвидация осуществляется в порядке, предусмотренном действующим законодательством.<br>11.6. Ликвидация считается завершенной, а Товарищество прекратившим свою деятельность с момента внесения об этом записи в единый государственный регистр юридических лиц. |
| **12. Қорытынды ережелер** | **12. Заключительные положения** |
| 12.1. Осы Жарғы ережелерінің қайсы бірі жарамсыз болып қалған жағдайда бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан рұқсат етілетін, мағынасы жағынан жақын ережемен ауыстырылады.<br>12.2. Жарғыға енгізілетін заңнамаға қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.<br>12.3. Осы Жарғымен реттелмеген сұрақтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі. | 12.1. Если одно из положений настоящего Устава становится недействительным, то это не затрагивает остальных положений. Недействительное положение заменяется допустимым в правовом отношении, близким по смыслу положением.<br>12.2. Изменения и дополнения Устава, не противоречащие законодательству, могут быть внесены по решению Общего собрания участников.<br>12.3. Вопросы не урегулированные настоящим Уставом, регулируются в соответствии с действующим законодательством. |

1. **Қатысушы/Участник: ____________ Юрий Витальевич Кан**

2. **Қатысушы/Участник: ____________ Шара Булатовна Абдрасулова**

- при реорганизации в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- по иным основаниям, предусмотренным законодательными актами.

11.3. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) производится в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

11.4. Ликвидация Товарищества производится ликвидационной комиссией, назначаемой Участником Товарищества или судом. С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению делами Товарищества.

11.5. Ликвидация осуществляется в порядке, предусмотренном действующим законодательством.

11.6. Ликвидация считается завершенной, а Товарищество прекратившим свою деятельность после внесения об этом записи в единый государственный регистр юридических лиц.

12. Заключительные положения

12.1. Если одно из положений настоящего Устава становится недействительным, то это не затрагивает остальных положений. Недействительное положение заменяется допустимым в правовом отношении, близким по смыслу положением.

12.2. Изменения и дополнения Устава, не противоречащие законодательству, могут быть внесены по решению Общего собрания участников.

12.3. Вопросы, не урегулированные настоящим Уставом, регулируются в соответствии с действующим законодательством.

[illegible] тізіліміне жазба енгізілгеннен кейін [illegible].

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастырылған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да негіздемелер бойынша.

11.3. Серіктестікті қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

11.4. Серіктестікті тарату [illegible] тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Серіктестіктің істерін басқару өкілеттіктері өтеді.

11.5. Тарату қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

11.6. Тарату [illegible] Серіктестік [illegible] қызметін тоқтатқан [illegible].

12. Қорытынды ережелер

12.1. Осы Жарғы ережелерінің біреуі жарамсыз болып қалса, бұл қалған ережелерге қатысты болмайды. Жарамсыз ереже [illegible] мағынасы жағынан жақын ережемен ауыстырылады.

12.2. Жарғыға [illegible] өзгерістер мен толықтырулар [illegible] шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

12.3. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.

[illegible] қатысушы [illegible] Юрий Васильевич Юн

[illegible] қатысушы [illegible] Назира [illegible] Абдрасулова